

**2025-2026 оқу жылына арналған «Радиология» мамандығы
бойынша резидентураға түсуге арналған емтихан сұрақтары**

1. Бауыр мен өттің ультрадыбыстық зерттеу принциптерін сипаттаңыз.
2. Жамбас қуысының УДЗ кезінде қолданылатын анатомиялық бағдарларды тізіп көрсетіңіз.
3. Бүйрек пен қуықты УДЗ арқылы шұғыл диагностикада қолданудың негіздемесін көрсетіңіз.
4. Жүрек патологиясын анықтауда эхокардиография мүмкіндіктерін сипаттаңыз.
5. Репродуктивті жүйе мүшелеріне УДЗ жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
6. Қалқанша безі патологиясын анықтауда УДЗ рөлін негіздеңіз.
7. Тамырларды УДЗ зерттеу кезіндегі анатомиялық бағдарларды сипаттаңыз.
8. Балалардағы құрсақ қуысы мүшелеріне УДЗ жүргізу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
9. Артерияларға дуплексті сканерлеу кезінде қалыпты критерийлерді тізіп көрсетіңіз.
10. Ішек қабыну ауруларын диагностикалауда УДЗ таңдаудың негізін көрсетіңіз.
11. Акушерлік тәжірибеде УДЗ қолдану ерекшеліктерін сипаттаңыз.
12. Мойын аумағындағы мүшелеріне УДЗ жүргізу принциптерін тізіп көрсетіңіз.
13. Пневмотораксқа күдік кезінде өкпеге УДЗ жүргізу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
14. Плевралық сұйықтықты диагностикалауда плевраға УДЗ жүргізудің рөлін негіздеңіз.
15. Рентгенологиялық зерттеудің негізгі принциптерін сипаттаңыз.
16. Өкпенің рентгенанатомиялық ерекшеліктерін сипаттаңыз.
17. Жамбас рентгенография кезінде көрінетін анатомиялық құрылымдарды сипаттаңыз.
18. Жүрек рентгенографиясы кезінде науқасты жатқызудың маңызын негіздеңіз.
19. Омыртқа рентгенографиясы кезінде анатомиялық бағдарларды сипаттаңыз.
20. Құрсақ қуысы мүшелерін рентгенограммаға түсіру арқылы қандай мүшелердің жағдайын бағалау мүмкін.
21. Диафрагманың рентгенанатомиялық белгілерін сипаттаңыз.
22. Бас сүйек синустарын рентгенография арқылы визуализациялаудың негізін көрсетіңіз.
23. Көру мүшелерінің рентгенография мүмкіндіктерін сипаттаңыз.
24. Балалардағы асқорыту жүйесін рентгенографиялау ерекшеліктерін тізіп көрсетіңіз.

25. Жаңа туған балалардың бас сүйек жағдайын бағалауда рентгенографияның маңызын сипаттаңыз.
26. Жарақаттар кезінде тыныс алу мүшелеріне рентгенографияны қолданудың негізін көрсетіңіз.
27. Балаларда есту мүшелерін рентгенографиялау көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
28. Ангиографиялық зерттеудің негізгі принциптерін сипаттаңыз.
29. Ми тамырларына ангиография жүргізу көрсеткіштерін сипаттаңыз.
30. Жоғарғы аяқ-қол тамырларының ангиографиясының анатомиялық ерекшеліктерін тізіп көрсетіңіз.
31. Бауырға ангиография жүргізудің мақсаттылығын негіздеңіз.
32. Коронарлық артерияларға ангиография жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
33. Балаларда ангиография жүргізудің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
34. Төменгі аяқ-қол тамырларына ангиография жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
35. Балаларда тамырларға ангиография жүргізу принциптерін сипаттаңыз.
36. Сүйектерге сцинтиграфия жүргізу принциптерін сипаттаңыз.
37. Бауырға сцинтиграфия жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
38. Қалқанша безінің сцинтиграфиясының эндокриндік патологиядағы маңызын негіздеңіз.
39. Асқорыту жүйесінің сцинтиграфия мүмкіндіктерін тізіп көрсетіңіз.
40. Өкпеге сцинтиграфия жүргізу рөлін сипаттаңыз.
41. Эндокриндік жүйе ауруларында сцинтиграфияны қолданудың негізін көрсетіңіз.
42. Метастатикалық зақымданулар кезінде сүйек сцинтиграфиясының ерекшеліктерін сипаттаңыз.
43. Интервенциялық радиологияның негізгі принциптерін сипаттаңыз.
44. Тамыр ауруларын интервенциялық емдеу әдістерін тізіп көрсетіңіз.
45. Бауыр ісіктерін емдеуде интервенциялық радиологияны қолдану ерекшеліктерін сипаттаңыз.
46. Тромбоздарды емдеуде тромболизис әдісінің мүмкіндіктерін негіздеңіз.
47. Метастаздарды емдеуде интервенциялық радиологияның рөлін сипаттаңыз.
48. Аневризмдер кезінде интервенциялық араласуларға көрсеткіштерді тізіп көрсетіңіз.
49. Онкологияда интервенциялық радиологияны қолдану көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.

50. Тамырлық аневризмдерді емдеуде интервенциялық радиологияның рөлін сипаттаңыз.
51. Денситометрияның негізгі принциптерін сипаттаңыз.
52. Остеопороз кезінде денситометрия жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
53. Остеомаляция кезіндегі дәрілік терапия немесе хирургиялық араласудың маңыздылығын негіздеңіз.
54. Остеоартрит кезінде қандай сәулелік диагностикалық зерттеу әдісін қолданатыныңызды негіздеңіз.
55. Денситометрия арқылы анықталатын патологиялық сынулардың белгілерін тізіп көрсетіңіз.
56. Сүйек метаболизмінің бұзылыстарында денситометрияның рөлін негіздеңіз.
57. Өкпе ауруларын диагностикалауда кеуде қуысының КТ рөлін сипаттаңыз.
58. Жамбас қуысы мүшелеріне КТ жүргізу көрсеткіштерін тізіп көрсетіңіз.
59. Жедел неврологиялық жағдайларда КТ таңдаудың негізін көрсетіңіз.
60. Ми МРТ-сының диагностикалық мүмкіндіктерін сипаттаңыз.